

**«БД021000 - Шетел филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін  
ұсынылған Анипина Алия Каркеновианың «Қытай және казак тілдеріндегі макал-мәтеделдердің лингвомәдени  
ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

**СЫН-ПИКРІ**

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылыминың даму бағдарламаларга сәйкестігі:	<p>1. 1 Ғылыминың даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік ғылыминың даму бағыттарына сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен жобаның немесе нысананы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атапуы мен немірі);</p> <p>2) Диссертация баска мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атапуы)</p> <p>3) Диссертация Казахстан Республикасының Үкіметі жаңындағы жанындағы жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдарға арналған келесі ғылым дамуының басым бағытына сәйкес:</p> <p>- «Білім беру мен ғылым саласындағы зерттеулер»;</p> <p>- «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер».</p> <p>Ғылыми жұмыс ғылыминың және білім берудің негізгі трендтеріне сәйкес әзірленген.</p>	<p>Диссертация жұмысының тақырыбы Казахстан Республикасының білім және ғылымды дамытудан 2021-2025 жылдарға арналған «Білімді ұт» салалы білім беру» ұлттық жобасында (КР Үкіметінің 2021 жылғы 12 Kazandagы №726 Каулысы) қойылған «Қазақстандық ЖОО-ның басекеге кабілеттілігін арттыру» атты бесінші міндетіне, «Ұлттық рухани жаңырту» ұлттық жобасында (КР Үкіметінің 2021 жылғы 12 Kazandagы №724 Каулысы) қойылған «Мемлекеттік тілді дамытуға жағдай жасау» атты екінші міндеттіне толыктай сәйкес келеді.</p> <p>Диссертация Казахстан Республикасы Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдарға арналған келесі ғылым дамуының басым бағытына сәйкес:</p> <p>- «Білім беру мен ғылым саласындағы зерттеулер»;</p> <p>- «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер».</p> <p>Ғылыми жұмыс ғылыминың және білім берудің негізгі трендтеріне сәйкес әзірленген.</p>

		техникалык комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маныздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін косады/коспаіды, ал оның маныздылығы ашылған/ашылмаган.	Зерттеу жұмысы ғылымға елеулі үлес косады, маныздылығы зор. Диссертацияның күрүлымы, тақырыбы, мазмұны жүйелі және ғылыми-теориялық түргыдан дәлелденген. Жұмыстың орындау сапасы жоғары. Зерттеу нәтижесіндегі кол жеткізген түйіндер мен корытындылары шынайы, нақтылығымен және ғылыми көзқарастарының тијактылығымен тұжырымдалған. Акпараттық дауірдегі үлгітін мәдени-рухани казынасын сактауда, оны жана коммуникациялық оргата бейімдел дамытуда макал-мәтеделдің атқаралын максат-міндеттерін ғылыми түргыда зерттеудің өзектілігі күн санап артура. Қытай және казак тілдеріндегі макал-мәтеделдердің тілдік және мәдени ерекшеліктерін жүйелеп тұжырымдау арқылы диссертация отандық шетел филологиясының ғылыми-теориялық негізін жетілдіруге елеулі үлес косады. Казак үлгіның макал-мәтеделдерінің лингвомәдени еркешеліктерін қытай тіліндегі макал-мәтеделермен салнастыра зерттеу диссертацияның манызын есіп тұр.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жогары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаган	Диссертацияның жазылу деңгейі жоғары. Жұмысты ізденүшінің өзі жазғандығы өзіндік баяндау стилинен анық байкалып тұр. Жұмыс мазмұны ғылыми стилмен баяндапады. Диссертациялық жұмысты дайындау барысында жарияланған ғылыми макалалар мен конференцияда жасалған баяндамалардан ізденүшінің жазу дағдырының жоғары деңгейі анық байкалады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізделmesi:	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі жан-жақты негізделген. Ішкі бірлігі заңды турде сакталған. Казак

	<p>1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>және қытай когамдары арасындағы мәдениетаралық байланыстың белсенді дамуы, олардың әртүрлі лингвомәдениет өкілдерінің ұлттық тұлғасын зерттеуге деген қызыгуышылығы қытай және казак мәдениет өкілдерінің мәдениетаралық қауымластығы тұрысынан қажеттіліктің артуымен түсіндіріледі. Казахстан мен Қытай арасындағы саяси және әлеуметтік-мәдени диалогты дамыту жағдайында өзара түсінісу категориясы маньзды. Осы параметрлер негізінде тілде бекітілген бірліктерде (макал-мәтеппелерде) көрініс тапкан әр халықтың өзіндік үшіткік сипатын білу нәтижелі диалог күргуга септігін тигзеді. Соган сәйкес осы маселенің лингвистикалық және мәдени қырларын жан-жакты зерттеу, тілдік бірліктер макал-мәтеппелердің магынасы мен түп-төркінін, колланыту ерекшеліктерін айқындау қажеттілігі туындал отыр. Бұл түргидан келпенде диссертация тақырыбы өзекті, максат-міндеті айқын. Атаған жұмыс диссертацияларга койылған талаптарға толық жауап береді.</p>
4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды	<p>1) айқынлайды; 2) жартылай айқынлайды; 3) айқындаамайды</p>	<p>Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толыктай айқынлайды. Диссертация құрылымы анықтамалардан, кіріспеден, үш бөлімнен, корытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертация мазмұны құрылымдық жағынан біртұтас болып табылады. Таразулары мен тараушалары арасында Үйлесімділк пен логикалық байланыс сакталған. Әр тараудың сонында жасалған түйіндер мен корытындыда басты тұжырымдар, зерттеу нәтижелері көрініс табады. Оларда ретгілік, жүйеллік бар.</p>
4.3. Максаты мен міндеттері		Зерттеу жұмысының максаты мен міндеттері диссертация

	<p>диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сәйкес келеді;</li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді</li> </ol>
<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымсыз логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толық байланысқан;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жок</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылымы бір-бірімен толық байланысқан, ішкі бірлігі айқын, ғылыми талдаулар мен тұжырымдар бір-бірімен логикалық тұрғыдан сабактастықта берілген. Зерттеу жұмысының құрылымында жүйелік, өзара байланыстылық бар. Диссертация құрылымынан зерттеушінің карастырылыштың отырган тақырыпты жаңажақты сипаттайтын негізгі мәселелерді камтығандыры, ғылыми ізденистің жүйелілігі, диссертация белгітерінің ішкі сабактастырыны анық көрінеді. Бұл тұрғыдан келгенде диссертацияны: «Макал-мәтілдер – әлемнің тілдік бейнесінің көрнісі», «Макал-мәтілдердің лингвомәдени негіздемесі» және «Қытай және казак тілдеріндегі макал-мәтілдердің лингвомәдени тұрғындағының салғастырмалы зерттеу» деп аталатын уш белгі (тарауы) де, олардың ішкі шағын тақырышалары да өзара тығыз байланысып, бірнеше бірі туындалған. Соган сәйкес алынған нәтижелердің ішкі бағытталған.</p>

<p>4.5 Автор ұсынған жана шешімдер (кагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бүріннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сыни талдау бар;</li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, баска авторлардың сілтемелеріне негізделен</li> </ol>	<p>бірлікте болуына кол жеткізілген. Диссертацияның күрьымы негізі тақбырыты ашуға жан-жакты бағытталған такырыптар күрап түрнандыктан, ой-түккіримдар өзара сабактасады. Соған сәйкес диссертацияның барлық бөлімдері мен күрьымы логикалық жағынан да тығыз байланысып, алған нәтижелері үндесіп, сабактаса баяндапған.</p>
<p>Диссертант ұсынған жана шешімдер дәлелденіп, бүріннан белгілі шешімдермен салыстырыла талданып, зерттеушінің өз тарапынан косқандары ажыратылып көрсетіледі. Зерттеуші тарапынан өзіндік түжіримдары, тын пайымдаулары, сынни талдаулары бар. Әсіреле, диссертанттың ғылыми жұмысты жазу барысында: казіргі тіл ғылымында қалыптаскан негізі ұстанымдар мен қытай және казак халықтарының дамуындағы мәдениетарихи үрдісті айқындауда макал-мәтептерді жаппай жинақтау, толтау, сұрыптау, макал-мәтептердің құрьымына карај семантикалық және морфологиялық тәсілдерімен қатар ғылыми сипаттама әлсі, салғастырмалы-типологиялық әлсі, қытай және казак тілдеріндегі макал-мәтептердің тарихи даму Улерісін анықтау үшін салғастырмалы-типологиялық әлсі; «макал» және «мәтеп» ұғымдарының философиялық мәні мен тілдегі логика-семантикалық құрьымын анықтау, ұлттық таным түркісінан зерделеу үшін компоненті талдау әлсі; макал-мәтептердің функционалды – семантикалық өрісін түзу үшін жүйелу әлсі; макал-мәтепте қатысты ассоциациялардың санын анықтау, шыныайлығы мен сәйкестілік белгілеу үшін эксперимент әлсі диссертацияда ұғымды колданғандығын ерекше</p>	<p>бірлікте болуына кол жеткізілген. Диссертацияның күрьымы негізі тақбырыты ашуға жан-жакты бағытталған такырыптар күрап түрнандыктан, ой-түккіримдар өзара сабактасады. Соған сәйкес диссертацияның барлық бөлімдері мен күрьымы логикалық жағынан да тығыз байланысып, алған нәтижелері үндесіп, сабактаса баяндапған.</p> <p>Диссертант ұсынған жана шешімдер дәлелденіп, бүріннан белгілі шешімдермен салыстырыла талданып, зерттеушінің өз тарапынан косқандары ажыратылып көрсетіледі. Зерттеуші тарапынан өзіндік түжіримдары, тын пайымдаулары, сынни талдаулары бар. Әсіреле, диссертанттың ғылыми жұмысты жазу барысында: казіргі тіл ғылымында қалыптаскан негізі ұстанымдар мен қытай және казак халықтарының дамуындағы мәдениетарихи үрдісті айқындауда макал-мәтептерді жаппай жинақтау, толтау, сұрыптау, макал-мәтептердің құрьымына карај семантикалық және морфологиялық тәсілдерімен қатар ғылыми сипаттама әлсі, салғастырмалы-типологиялық әлсі, қытай және казак тілдеріндегі макал-мәтептердің тарихи даму Улерісін анықтау үшін салғастырмалы-типологиялық әлсі; «макал» және «мәтеп» ұғымдарының философиялық мәні мен тілдегі логика-семантикалық құрьымын анықтау, ұлттық таным түркісінан зерделеу үшін компоненті талдау әлсі; макал-мәтептердің функционалды – семантикалық өрісін түзу үшін жүйелу әлсі; макал-мәтепте қатысты ассоциациялардың санын анықтау, шыныайлығы мен сәйкестілік белгілеу үшін эксперимент әлсі диссертацияда ұғымды колданғандығын ерекше</p>

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен кагидаттар жана болып табыла ма? 1) толығымен жана; 2) <u>жартылай жана (25-75% жана болып табылады);</u> 3) жана емес (25% кем жана болып табылады)	айтып өтүге болады. Сонымен катар диссертанттын өзіндік сыйни талдаулары, көзкарастары, пікірлері айқын. Диссертациялық жұмыстын ғылыми нәтижелері мен кагидаттары толығымен жана болып табылады. Ізденуші зерттеу жұмысының алдына койылған максаты мен міндеттерін жүзеге асыру барысында төмөндегідей жана нәтижелерге кол жеткізген: мысалы, салғастырылған тілдердегі макал-мәтеддердің мағынасы мен ұлттық болмысты бейнелейтін ішкі мәні лингвомәдени және концептуалдық тұрғысынан карастырылып, мәдениаралық коммуникациялық қызметтің ерекшелектері кешенді түрде сараланған. Бұл диссертант еңбегінің толығымен жана зерттеу екендігін дәлелдейді ері зерттеу нәтижелері толығымен жана болып табылады. Диссертацияның корытындылары толығымен жана болып табылады. Әр корытынды жеткілікті түрде жасалған тілдік талдауларға негізделеді. Зерттеу барысында айқындалған негізгі тұжырымдар: қытай және казак макал-мәтеддерінің қызметтін лингвомәдениеттандыру аспектінде зерттеу әдістемесі үш кезеңді камтиды: макал-мәтеддердің мәдени кеңістікке енү жолдарын зерттеу; қытай және казак макал-мәтеддерінің когнитивтік және метафоралық сипаттамаларын зерттеу; еки тілдегі макал-мәтеддердің сөйлеудегі қызметті талдандау;
			кытай және казак макал-мәтеддерін мәтіндерге енгізгенде лексика-семантикалық түрлендірүрлер байкалады: лексикалық компоненттердің ауыстырылуы, толықтырылуы және түсіп калуы, сондай-ак макал-мәтеддердің күрамдастырылуына және толық

		<p>аубастырылууна экелетін паремиологиялык ластанулар орын алады;</p> <p>дискурста кызмет етегін қытай және казак макал-мәттелдері жогары когнитивтік және метафоралык алеуетімен ерекшеленеді, бұл бірліктердің алеуметтік-мәдени ортага тиімді бейімделуіне мүмкіндік береді;</p> <p>лингвомәдениеттануда қытай және казак макал-мәттелерінің кызметінің ерекшелігі олардың қытай және казак тілдеріндегі мәтіндерде ғана емес, сонымен катар кеңірек тақырыптағы материалдарда (экономика, саясат, конамдық өмір, мәдениетаралық өзара әрекеттестік, спорт, білім беру тақырыптары) еki елдің мәдениетін сипаттайдын мүмкіндіктер айқындауды;</p> <p>туыс емес тілдердегі макал-мәттелердің күрамындағы тілдік-мәдени компоненттер сол тілдердегі макал-мәттелдердің лингвомәдени сипаттын ашады. Осы айтылған тұжырымдардың барлығы жұмыстын</p> <p>корытынды нәтижелерінің жаңа екендігін көрсетеді.</p>
5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе?		<p>Жұмыста ұсынылған барлық шешімдер жана, олар зерттеудің үш тарауында теориялық талдаулар мен нақты тілдік деректер арқылы толығымен жаңадан негізделген.</p> <p>1) толығымен жана;</p> <p>2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жана болып табылады)</p>
6. Негізги корытындыла рдын		<p>Диссергацияда айтылған пікірлер дереккөздерден алынған накты мысалдармен дәйектелген. Зерттеу жұмысының корытындылары ғылыми тұрғыдан аукымды дәлелдемелерде</p>

	негізділік	негізделген/негізделмеген (qualitative research және енерттану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	дәлелдемелермен негізделген.
7.	Коргауға шығарылған негізгі қагидаттар	<p>Әр қагидат бойынша келесі сұрактарға жауап беру кажет:</p> <p>7.1 Қагидат дәлелденді мә?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>дәлелденді;</li> <li>шамамен дәлелденді;</li> <li>шамамен дәлелденбейді;</li> <li>дәлелденбейді</li> </ol> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>иі;</li> <li>жок</li> </ol> <p>7.3 Жана ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>иі;</li> <li>жок</li> </ol> <p>7.4 Колдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>тар;</li> <li>оргаша;</li> <li>кен</li> </ol> <p>7.5 Макалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>иі;</li> <li>жок</li> </ol>	<p>Зертеу барысында кол жеткізілген нәтижелерге сүйене отырып, диссертант А.К. Анипина сегіз қагидат ұсынады.</p> <p>7.1 Ғылыми жұмыста қагидаттар токталсак:</p> <p>7.1 Ғылыми жұмыста қагидаттар дәлелденген.</p> <p>7.2 Ғылыми жұмыста қагидаттар тривиалды емес.</p> <p>7.3 Ғылыми жұмыста қагидаттар жана.</p> <p>7.4 Ғылыми жұмыстагы қагидаттардың колдану деңгейі кен аукымды.</p> <p>7.5 Ғылыми жұмыстагы қагидаттар төғyz макалада дәлелденген.</p> <p>Сонын ішінде, бір макала Scopus ғылыми дереккоры базасына кіретін басылымда, төрт макала Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі Білім саласында саланы қамтамасыз ету комитетінің нұсқауындағы филологиялық басылымдарда, төрт макала халықаралық ғылыми конференциялардың материалдарында жарияланды.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен	8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әліснама накты жазылған	<p>Иә. Зертеу жұмысының әліснамасы накты жазылған.</p> <p>Зертеуде колданылған әдістер дәйекті, дұрыс тандаған.</p> <p>Зертеу жұмысының максат-міндеттеріне салғастырмалы-тиологиялық әдіс, компонентті талдау әдісі, жүйелу әдісі, сандық талдау, классификациялық әдістері, макал-</p>

<p><b>Ұснынлған ақпараттың дәйектілігі</b></p>	<p>Мәттелдердің шынайылығы мен сәйкестігін белгілеу үшін эксперимент әлсімен катар жаптай жинақтау, толтау, сұрыптау тәсілдері колданылған.</p>
<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды колдану арқылы ғылыми заманғы зерттеулердің көмекшіліктерін пайдалана отырып заманғы әдістері мен деректердің өндіре және интерпретациялауда әдістемелерін пайдалана отырып алғынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жок</p>	<p>Ия. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды колдану арқылы ғылыми зерттеулердің көмекшіліктерін пайдалана отырып заманғы әдістері мен деректердің өндіре және интерпретациялауда әдістемелерін пайдалана отырып алғынған. Диссертацияның расімделу деңгейі де жоғары. Зерттеу жұмысында макал-мәттелдердің әр киринаң талдау негізінде түзілген кестелер түрлі сұзбалар ете мол. Сол арқылы диссертант талдаулар корытындысы мен алғынған нәтижелерді айқын ері көрнекі етіп ұтымды көрсетеді.</p>
<p>8.2 Теориялық корытындылар, модельдер, аныкталған озара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша дағырау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жок</p>	<p>Ия. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды колдану арқылы ғылыми зерттеулердің көмекшіліктерін пайдалана отырып заманғы әдістері мен деректердің өндіре және интерпретациялауда әдістемелерін пайдалана отырып алғынған. Зерттеу жұмысында теориялық корытындылар, тұжырымдар мен ұснынтар накты материалдарға, тұжырымдардың пікірлеріне сүйене отырып дәлелденген. Диссертанттың өзіндік тұжырымдары накты мысалдармен талдауга негізделген, тілдік материалдармен дәлелденген. Жұмыстың макал-мәттелдердің теориялық негізін нығайтуға сәлгігі тиуімен катаң практикалық құндылығы жоғары екенін айткан жөн. Мәселен, казак тілін шет тілі ретінде оқыту тәжірибесінде (атап айтсак, қытай аудиториясында), сондай-ақ қытай тілін казак аудиториясында оқыту үдерісінде пайдалану мүмкіндігіне ие;</p>

8.4 Манызды мәлімдемелер накты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	<p>лингвомәдениеттану, мәдениетаралық коммуникация, фразеология және паремиология бойынша лекциялық курстарды оку кезінде; лингвомәдени және кос тілді сөздіктерді күрастыру тәжірибесіндегі аударма тәжірибесіндегі колдануға мүмкіндік береді.</p> <p>Зерттеу жұмысында көрсетілген манызды мәлімдемелер сенімді және накты. Ғылыми әдебиеттер сілтемелермен расталған. Пайдаланылған әдебиеттер шетелдік және отандық зерттеушілердің монография, макала, диссертациялық зерттеулері болып табылады. Атап айтқанда, зерттеу жұмысынан тікелей катысты теориялық енбектер: Ә. Кайдар, А.Б. Салқынбай, Р.А. Авакова, Ф.Н. Даулет, Г.Н. Смагұлова, Ф. Оразакынызы, Ә. Тұрманжанов, Б. Калиев, Ә. Хасенов, Ж. Аськова, Н. Уалиұлы, Д. Балабекұлы, А.В. Шормакова, Э.Н. Оразалиева, А. Алдашева, С.М. Керимова; шетелдік галымдардан Л.С. Васильев, Е.И. Зиновьева, Ю.Д. Апресян, М.Е. Кравцова, Н.А. Слепнев, И.Р. Кожевников, И.В. Вайсховиц, И.Г. Баранов, А.С. Мартынов, Б.Л. Рифтин, В.Н. Телиян, С.В. Зинин, М.В. Крюков, В.А. Курдомов, И.С. Лисевич, Ю.А. Антонова, В.И. Даљ, Г.Л. Пермяков, В.П. Аникин, С.Ю. Сизов, Н.Т. Федоренко, Е.В. Иванова, У.Н. Решетнёва, Я.А. Журавлева, Лю Чаопзе, Тан Дошун, Чжао Чжицин, Лу Шусян, Вэн Дунь Чжэн, Цун Ябин, Ли Ханвен, Цзин Вэй, Хоу Пу, Ма Лун және т.б. ғылыми жұмыстарындағы теориялық тұрсырымдар докторанттың зерттеуіне негіз болған.</p> <p>Сонымен катар бұл ғылыми жариялымдардың көбісінің жарайқ көрген мерзімде соңғы кезеңдерді камтиды. Бұл</p>

		диссертацияда зерттеулердің де ескерілгендігін көрсетеді.
8.5	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертант зерттеу тақырыбына көткестің ғылыми әдебиеттерді көнінен камтыған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық манзызы бар: 1) ия; 2) жок</p> <p>Ия. Зерттеудің теориялық манзы жоғары. Зерттеу жұмысының нәтижелері шетел филологиясы, лингвомәдениеттану, лексикография салапарындағы бүған дейін бар зерттеулерге теориялық тұжырымдарды толықтырады және дамытады әрі өзіндік үлес косады. Сонымен катар зерттелеп отырган маселе, яғни қытай және казак тілдеріндегі макал-мәтеделдердің лингвомәдени тұрғыдан ерекшелігін карастыру жағынан манзызы бар. Зерттеу жұмысының теориялық- әдістанымдық ұстанымдары алғалы осы бағыттагы тын жұмыстардың жазылуына жол ашады. Оған диссертациядағы автор пайымдаулары мен талдаулары дәлел бола алады.</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық манзызы бар және алынған нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары. 1) ия; 2) жок</p> <p>Ия. Зерттеу жұмысының практикалық манзызы бар. Алынған нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу жұмысының нәтижелері казак тілін шет тіл ретінде оқыту тәжірибесіндегі (атап айтсақ, қытай аудиториясында), сондай-ақ қытай тілін казак аудиториясында оқыту Удерісінде пайдалану мүмкіндігіне ие; лингвомәдениеттану, мәдениетаралық коммуникация, фразеология және паремиология бойынша лексикалық курстарды оку кезінде; лингвомәдени және кос тілді сөздіктерді құрастыру тәжірибесіндегі, аударма тәжірибесінде колдануға мүмкіндік береді.</p>

	9.3 Практикалық ұснындар жана болып табылады? 1) толығымен жана; 2) жартылай жана (25-75% жана болжып табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады)	Практикалық ұснындар толығымен жана болып табылады, себебі қытай және казак тілдеріндегі макал-мәттелдер алғаш рет тілдік және мәдени түргыдан зерттеліп отыр.
10. Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) оргашадан төмен; 4) төмен.	Докторлық диссертация ғылыми стилге саудаты, жоғары деңгейде жазылған, техникалық жағынан дұрыс расімделген және мемлекеттік стандарттар коятын талапқа сай келеді.

6D021000 – Шегел филологиясы мамандығы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алу үшін дайындалған Анипина Алия Каркеновнаның «Қытай және казак тілдеріндегі макал-мәттелдердің лингвомәдени ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмыстың максаты мен міндеттері айқын, ғылыми жаңалығы мен теориялық манызы жоғары, зерттеу нәтижелері ғылыми жұмыстың талаптарына сәйкес келеді.

Жоғарыда атаптандарды негізге ала отырып, Анипина Алия Каркеновнаның 6D021000 – Шегел филологиясы мамандығы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алуға лайыкты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық  
катаинастар және әлем тілдері университетіті  
шығыс тілдер аудару кафедрасының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты

Тұрсынәлі Жазира



20.03.2024